

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Реттік санау санның заттардың кеңістікте орналасуына қатысы жоқтығы туралы білімдерін бекіту. Таныс заттарды геометриялық фигуралармен салыстыру.

ЖАРИЯЛАНДЫ  
31.01.2018

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimgger.kz/27139/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Білім беру саласы	«Таным».
Бөлімі	Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру
Тобы	Ортаңғы топ
Тақырыбы:	Реттік санау санның заттардың кеңістікте орналасуына қатысы жоқтығы туралы білімдерін бекіту. Таныс заттарды геометриялық фигуралармен салыстыру.
<b>Күзiреттiлiкке жеткiзетiн - Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің мақсат міндеттері:</b>	
А) ақпараттық күзiреттiлiк	Реттік санауды үйрету, «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйрету; математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету.
Ә) коммуникативтік күзiреттiлiк	Математикалық жұмыстарды шешу жолдарын, әртүрлі заттардың ұқсас белгілерін табу және оларды сол белгілері арқылы біріктіруге салыстыру іскерліктерін қалыптастыру.
Б) проблема шешу күзiреттiлiгi	Санның заттардың кеңістікте орналасуына қатысы жоқтығын түсіну, заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету, заттардың сұлбасынан геометриялық фигураларды табу.
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі	аралас
Пәнаралық байланыс	Көркем әдебиет
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде қолданылатын технологиялар мен әдіс-тәсілдер	Дамыта оқыту, топтық жұмыс Көрсету әдісі: түсіндіру, таныстыру, ауызша әдіс: сұрақ-жауап, практикалық әдіс: дидактикалық ойын, Көрнекі құралдар:көліктер суреті,цифрлар карточкасы,геометриялық фигуралардан құрастырылған көліктер.
Оқыту құралдары:	Цифрлар карточкасы, заттық суреттер

**Қоғалытүбек НЖББМ «Еркетай» шағын орталығы.**

**«Балдырған» ортаңғы аралас тобы.**

**Габдешова Алтынгүл Ержановна**

**Ұйымдастырылған оқу іс-қызметінің технологиялық картасы**

Іс-әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балаларды іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Балаларды тыныштандырып, назарын ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне аудару. Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне қарап күлімдеуді өтінеді. Бала, бала баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз.</p> <p>«Жұмбақтың шешуін тап» ойыны. Тәрбиеші балаларға екі, үш, төрт, беске байланысты жұмбақтар жасырады: Екі аяғымоны Кезек-кезек тебеді, Тепкен сайын Алысқа желеді. Тәрбиеші сұрақ қояды: -Жұмбақтарды шешуге қандай сандар көмектесті?</p>	<p>Балалар күлімдеп қуана тәрбиешімен бірге қимыл қозғалыспен шаттық шеңберін жасайды.</p> <p>Бала, бала баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамызда қаламыз.</p> <p>Балалар жұмбақтың шешуін табады. Жұмбақтың шешуі: Велосипед.</p> <p>Екі, үш, төрт, бес.</p>
	<p>1-тапсырма Тәрбиеші балаларға тапсырма береді: -Балалар, гаражға кіріп бара жатқан көліктерді бояндар. Біріншісі қызыл түспен, екіншісін сарымен, үшіншісін жасылмен. -Гаражға барлығы неше машина кірді? Тәрбиеші гараждан шыққан кезде соңғы машинаның бірінші, ал бірінші машинаның соңғы болатынын айтады. Тәрбиеші гараждан шығып келе жатқан көліктерді бояуға тапсырма береді. -Жасыл машина гараждан нешінші болып шықты? -Ал қызыл ше? -Екінші қатардағы сары машина нешінші? -Бірінші қатардағы қызыл машина ше? -Бірінші қатардағы жасыл машина нешінші? Сергіту минуты. Оңға бір қадам. Солға бір қадам, Айналып бейлейміз. Алға бір қадам, Артқа бір қадам Айналып билейміз</p>	<p>Балалар көліктерді бояйды.</p> <p>Гаражға үш машина кірді. Балалар тапсырманы орындайды және сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Бірінші . Үшінші. Екінші. Бірінші.</p> <p>Үшінші. Балалар жаттығу жасайды: Оңға бір қадам, Солға бір қадам Айналады. Алға бір қадам, Артқа бір қадам Айналады.</p>

Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>2-тапсырма Тәрбиеші сұрақ қойып, тапсырма береді: -Үшбұрышта неше дөңгелек бар? -Дөңгелекте неше шаршы бар? -Шаршымен дөңгелектегі фигуралардың саны туралы не айтар едіңдер? -Үшбұрыштағы, дөңгелектегі фигуралар санына сәйкес келетін цифрды бастырып жазындар. 3-тапсырма. Тәрбиеші балалардың назарын үшінші тапсырмаға аударады: -Бесік арбада қанша фигура болса, шаршыларға сонша геометриялық фигураның суретін салындар. -Неше фигура салындар? 4-тапсырма. Балаларға машиналардың суретін көрсетеді: -Балалар, суретші машиналардың суретін салды. Бірақ басқа затқа алаңдаймын деп кейбір бөліктерін салуды ұмытып кетіпті. Жоғарыда тұрған машинаны мұқият қарап шығып, төмендегі машиналарға жетпей тұрған бөлшектерді салып шығайық.</p>	<p>Бес дөңгелек бар. Бес шаршы бар. Өртүрлі орналасқаны қарамастан дөңгелекпен шаршының саны тең.</p> <p>Арба үшбұрыш, дөңгелек, тіктөртбұрыштардан құралған. Балалар фигуралардың суретін салады. 3 үшбұрыш, 2 дөңгелек, 2 тіктөртбұрыш.</p> <p>Балалар машиналардың жетпей тұрған жерлерін салып шығады.</p>
Рефлексиялық-түзетушілік	<p>Өзін-өзі бақылау және өзі атқарған жұмысқа баға беру. Тәрбиеші сабаққа белсенді қатысқаны үшін балаларды мадақтайды.</p>	<p>Балалар өз жұмыстарын тәрбиешінің қолындағы үлгімен салыстырады.</p>

## Күтілетін нәтиже:

**Балалардың біліуі:** 5 цифрын; реттік санауды; санның заттардың кеңістікте орналасуына қатысы жоқтығын біледі.

**Балалардың меңгеруі:** санның заттардың кеңістікте орналасуына қатысы жоқтығын меңгереді.

**Балалардың жасай алуы:** «қанша?», «нешінші?» деген сұрақтарға дұрыс жауап береді, таныс заттарды геометриялық фигураларды салыстыра алады.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.